


(18911 2128 (1/611))  
527



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ  
БҰРЛИ АУДАНЫ

IV

БҰРЛИНСКИЙ РАЙОН  
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХ  
ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ

УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ  
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ  
ЦЕНТР ИСТОРИИ И АРХЕОЛОГИИ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИФАТ МҰРАЛАРЫ  
ЕСКЕРТКІШТЕРІ

**БӨРЛІ АУДАНЫ**



ПАМЯТНИКИ ПРИРОДНОГО  
И ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ  
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БУРЛИНСКИЙ РАЙОН**

Орал - Уральск, 2008

ББК 79.0

Б 27

**Авторлық ұжым / Авторский коллектив:**

М.Н.Сдықов

А.А.Бисембаев

С.Ю.Гуцалов

А.А.Джубанов

С.К.Рамазанов

Т.Т. Жусупкалиев

**Р.С.Мерғалиев** - ответственный за выпуск

Д.В.Марыксин

Г.З. Аманғалиев

Жалпы редакциясын басқарған/ *Под общей редакцией*  
тарих ғылымының докторы, профессор

**М.Н.Сдықов**

**Б 27 Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері // Памятники природного и историко-культурного наследия Западно-Казахстанской области. - 14 т. - Орал қ. 2008 ж. – қазақша, орысша.**

**Т 4. Бөрлі ауданы / Бурлинский район – 276 бет.**

ISBN 978-601-7104-08-5

ББК 79.0

ISBN 978-601-7104-08-5

© Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы

# ЕСКЕРТКІШТЕР ЖИЫНТЫҒЫ СВОД ПАМЯТНИКОВ

14 томды ғылыми басылым / Научное издание в 14 томах



Шыңғырлау ауданы	I	Чингирлауский район
Сырым ауданы	II	Сырымский район
Қаратөбе ауданы	III	Каратобинский район
<b>БӨРЛІ АУДАНЫ</b>	<b>IV</b>	<b>БУРЛИНСКИЙ РАЙОН</b>
Тасқала ауданы	V	Таскалинский район
Теректі ауданы	VI	Теректинский район
Ақжайық ауданы	VII	Ақжайық район
Жаңақала ауданы	VIII	Джангалинский район
Казталовка ауданы	IX	Казталовский район
Жәнібек ауданы	X	Джаныбекский район
Бөкейорда ауданы	XI	Букейординский район
Зеленов ауданы	XII	Зеленовский район
Орал қаласы	XIII	г. Уральск
Батыс-Қазақстан облысы	XIV	Западно-Казахстанская обл.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	6
---------------	---

<b>I бөлім. Табиғат мұрасы .....</b>	<b>16</b>
--------------------------------------	-----------

1.1. Табиғаты .....	18
---------------------	----

1.2. Ландшафты әртүрлілігі .....	52
----------------------------------	----

1.3. Табиғат мұрасының ескерткіштері .....	60
--	----

1.4. Рекреациялық табиғат ресурстары .....	70
--	----

<b>II бөлім. Тарихи-мәдени мұрасы .....</b>	<b>76</b>
---	-----------

2.1. Археология ескерткіштеріне сипаттама .....	78
---	----

2.2. Археологиялық ескерткіштер .....	117
---------------------------------------	-----

2.3. Қазіргі кезеңдегі тарих және мәдениет ескерткіштері. ....	126
---	-----

### Қосымшалар

- Табиғат мұралары ескерткіштері
- Археологиялық ескерткіштер мен жәдігерлер
- Тарихи – сәулет ескерткіштері және монументті  
нысандар

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Введение</b> .....	11
<b>Глава I. Природное наследие</b> .....	129
1.1. Природная среда .....	131
1.2. Ландшафтное разнообразие .....	164
1.3. Памятники природного наследия .....	172
1.4. Рекреационные природные ресурсы .....	181
<b>Глава II. Историко-культурное наследие</b> .....	187
2.1. Характеристика памятников археологии .....	189
2.2. Археологические памятники .....	226
2.3. Современные памятники истории и культуры .....	234
<b>Приложения</b>	
- Памятники природного наследия	
- Археологические памятники и находки	
- Историко-архитектурные и монументальные памятники	
- Сведения об авторах	

## Кіріспе

Өткеннің мұраларын зерттеп, сақтау Қазақстан Республикасының рухани және ғылыми өмірінің басым бағыттарының біріне айналды. Елбасы Н.Назарбаев бұл мәселені Қазақстан қоғамының толыққанды әлеуметтік – экономикалық және мәдени дамуының неғұрлым маңызды және өзекжарды проблемаларының қатарына жатқызды. Президент бұл мәселенің тек ғылыми жағын ғана айтып қоймай, сонымен қатар мәдени мұралардың азаматтық пен отансүйгіштікке тәрбиелеудегі айрықша маңызын атап көрсетті.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысындағы жұмыс мәселенің бұлай қойылуының дер кезінде қолға алынған, өмірлік қажеттілік екендігін көрсетті. Істің жағдайын талдау жұмыс ауқымының аса үлкен, көптеген жақтары іс жүзінде жаңа ғана зерттеле бастағандығын көрсетті. Сол себепті мәдени мұраларды анықтап, зерттеп, сақтау Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы қызметінің басты бағыттарының біріне айналды.

Алай да алты жыл бойғы қарқынды жұмыс мәдени мұраның зерттелу жағдайын, мәлім болған материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерінің бастапқы жағдайын талдауды қатаң талап ететіндігін көрсетті. Демек, облыс бойынша барлық ескерткіштердің нақты жиынтығын тауып, анықтауды қажетсінді. Көшпелі мәдениеттің шаруашылық – экономикалық дамуының ерекшеліктері бізді мәдени даму деңгейінің табиғи тұрпаттан ажырағысыз дүние екендігін түсінуге жетеледі. Сол себепті тарих пен мәдениет ескерткіштерін зерттеумен бір мезгілде біз табиғи мұраларды оның барлық жақтарымен қоса нақтылау жұмысын бастадық.

2002 жылдан бастап орталық облыстың тарихи және мәдени мұраларын анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бұл жұмыс әрбір аудан мен облыс орталығы Орал қаласына дербес том болып арналған “ Батыс Қазақстан облысының табиғи және тарихи – мәдени мұраларының

ескерткіштері” атты осы ұжымдық жинақта іс жүзіндегі шынайы көрінісін табады. Басылым біткеннен кейін облыс бойынша тұтас талдау жұмысы шығарылады. Мұндай қадам авторлардың ойынша материалдық және рухани мәдениет пен тамаша табиғи нысандарды неғұрлым толық қамтитындығына кепілдік береді. Әрбір том белгілі бір ауданның халық игілігіне айналған құндылыққа ие болатын неғұрлым ірі тарих пен мәдениет ескерткіштерін қамтиды.

Басылымды әзірлеуге Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының ғылыми қызметкерлері, жергілікті ғалымдар, сонымен қатар Алматы мен Ақтөбенің мамандары қатысты. Біз Ә.Марғұлан атындағы археология институтымен және Ш.Уәлиханов атындағы (Алматы) тарих және этнология институтымен, сондай – ақ Ресей Ғылым Академиясының Орал бөлімшесінің Далалық Институтымен (Орынбор) белсенді қарым – қатынастамыз.

Аталған том облыстағы іргелі аудандардың бірі Бөрлі ауданына арналған. Ауданның әбден зерттеліп болмаған бай тарихы бар.

Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданы Кеңес Үкіметі жағдайында қоғамымызда қалыптасқан әлеуметтік – экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің нәтижесінде 1935 жылы дербес әкімшілік – аумақтық құрылым ретінде қалыптасты.

Ауданды қазіргі заманға сай жасақтаудың бастауы Ресей отаршыл әкімшілігінің XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерлерін отарлық бөлшектеу мен шектеу кезеңіне жатқызылады. Қазақстанды әкімшілік – аумақтық жағынан орналастыру реформаларының мақсаты Ресей империясының әдеттегі даланы басқаруға қолайлы әдістерін енгізуді көздеуден туындады. Сол себепті 1867 – 1868 жылдары Қазақстан аумағында 6 облыс құрылды. Қазіргі заманғы Бөрлі ауданының жерлері Орал облысының Орал уезінің бірқатар болыстықтарының құрамына енді.

1891 жылғы Ереже бойынша болыстықтардың аумақтарын өзгерту құқығы облыстық басқарма күзіретінде болды. Сол себепті болыс аумақтары айтарлықтай жиі өзгертілді. Уездер мен облыстардың аумақтары Ресей ішкі



істер Министрлігінің шешімімен ғана бекітілді.

Ауданды одан әрі негіздеу Кеңес үкіметі жағдайында жүзеге асырылды. Кеңестердің 1920 жылғы 12 қазандағы 1 құрылтай съезінің шешімі бойынша Орталығы Орал қаласы болып Орал губерниясы құрылды. Бастапқыда губерния 6 уезден құралды: Гурьев, Жымпиты, Елек, Калмыков, Ойыл және Орал. Қазіргі Бөрлі ауданының жерлері бұл жылдары Елек уезінің 15 болыстығына жұмылдырылды.

Жергілікті жерлердегі Кеңес үкіметінің әлсіздігі, қаржы мен кадрлардың жетіспеушілігі 1923 жылы Қазақ АКСР – нің кезекті әкімшілік – аумақтық ірілендірілуіне әкеліп соқтырды. Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің 1923 жылғы қаулысы негізінде болыстық әкімшілік – аумақтық жүйе нығайтылып, қазіргі Бөрлі ауданының жерлері ол кезде бірқатар болыстықтардың құрамына біріктірілді. Атап айтқанда бұрынғы Алмаз, Қараағаш, Қайыңды, Отрадная, Торыатбасы болыстықтары Лубен болыстығына; Березов – Қарашығанақ, Үшқараған мен Полтавская – Шілік; Николаев, Приурал және Шыңғырлау – Бөрлі болыстықтарына енді.

Нәтижесінде болыстықтардың саны қысқарып, Елек уезінде тек қана 6 болыстық қалды: Орталығы Лубен кентінде - Лубен; орталығы Бөрлі кентінде - Бөрлі; орталығы Қарашығанақ кентінде - Қарашығанақ, Орталығы Шілік кентінде – Шілік, орталығы Елек қаласында – Елек және орталығы Ташалы кентінде – Ташалы болыстықтары қалды. Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 1926 жылғы 4 қарашадағы шешімімен Елек және Ташалы болыстықтары мен Елек қаласы Орынбор облысының Орынбор уезіне берілді. Сәйкесінше Елек ауданы таратылып, қалған болыстықтары: Бөрлі болыстығы Орал губерниясының Орал уезіне, ал Қарашығанақ, Лубен және Шілік болыстықтары – Ақтөбе облысының Ақтөбе уезінің құрамына берілді.

Алай да бұл әкімшілік – аумақтық реформа кешікпей қайта қаралды. 1927 жылы Орал губерниясы таратылды, ал 1928 жылғы 3 қыркүйекте РКСФР БОАК Төралқасы Қазақ АКСР - інің жаңа аудандастырылуын бекітті. 1 автономиялық облыс, 6 губерния, 2 округ, 31 уез және 411 болыстықтың орнына республикада 13 округ пен 180 аудан құрылды. 10 ауданға

бөлінетін Қарақалпақ автономиялық облысы сақталып қалды.

Қазіргі Бөрлі ауданының жерлері екі округтің – Орал және Ақтөбе округтерінің құрамында қалды. Орал округіндегі Зауральный ауданының құрамында Богданов және Бөрлі болыстықтары, Ақтөбе округінің Шілік ауданының құрамында – Қарашығанақ, Лубен және Шілік болыстықтары қалды. 1928 жылы Шілік ауданы Шыңғырлау ауданы болып аталып, Орал округінің құрамына берілді.

Келесі әкімшілік – аумақтық реформа 1930 жылғы 17 желтоқсанда, негізіне 1929 жылы шінара жаңа аудандардың құрылуымен ірілендірілген аудандар жатқызылып, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 1930 жылы 23 шілдедегі қаулысымен негізделген округтік бөліністер таратылып, аудандық бөліністер құрылды. Қазақстанның аумағында 126 аудан құрылды. Бөрлі ауданының жерлері екі ауданның: Орал және Шыңғырлау аудандарының құрамына берілді.

Соғысқа дейінгі реформалау кезеңі 1932 жылға дейін жалғасты. Батыс Қазақстан облысының құрылуына байланысты бастапқыда оның құрамында 27 аудан болып, кейін оңтайландыру барысында аудандардың саны 14 – ке дейін азайды. 2 – 3 жыл бедерінде облыстың әкімшілік картасын пішімдеу жалғаса берді. Мысалы, 1933 жылы Зауральный ауданы қайтадан құрылып, оның құрамына болашақ Бөрлі ауданының негізгі жерлері кіреді. Бірақ та бұл шара уақытша сипат алды. Тек 1935 жылғы 9 қаңтарда ғана Бөрлі ауданы өз алдына дербес әкімшілік – аумақтық бірлік ретінде құрылды. Бұл шешім КСРО Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 1935 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен бекітілді.

Мұнан әрі қарай аудан аумағы ішінәра өзгерістерге ұшырап, алай да тұтастай алғанда әкімшілік – аумақтық негіздеу үрдісі аяқталды. Қарашығанақ мұнай – газ кеніші орынын игерудің басталуымен ауданның маңызы облыс өмірінде ғана емес, бүкіл Қазақстанда күрт шарықтады. Аудан орталығы еліміздің нағыз қазіргі заманғы және жас қалаларының бірі – Ақсай қаласы болды.

Ауданның негізгі тарихи қалыптасқан халқы қазақтар. XIX

ғасырдың бас кезінде мұнда казактар тұра бастады. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бас кезінде мұнда орыс – украин шаруаларының қоныс аударуының нәтижесінде халықтың көп ұлтты құрамы қалыптасты. 70 – 80 жылдары аудан белсенді көш - қон орталығына айналып, мұнда КСРО – ның түкпір – түкпірінен мыңдаған адамдар келді. Герман Демократиялық Республикасынан, Чехословакия Социалистік Республикасы мен Болгар Халық Республикасынан келген мамандар мен жұмысшылардың білімдері мен тәжірибелері, жабдықтар кеңінен қолданылды.

90 – шы жылдары жаңадан қалыптасқан тарихи жағдайда, Қазақстан мен әлемнің бірқатар ірі компанияларының Қарашығанақ кенішін бірлесіп игеріп, өнімдерді өзара бөлісу жөніндегі Түпкілікті келісімге қол қойғаннан кейін Бөрлі ауданының қауырт дамуы қайта басталды. Қазіргі кезде Бөрлі ауданы – Қазақстанның ең бір жан - жақты дамып келе жатқан аудандарының бірі. Мұнда дүние жүзінің 20 – дан астам елінің мамандары мен жұмысшылары тұрып, еңбек етіп жатыр.

Қазіргі заманғы Бөрлі ауданы Батыс – Қазақстан облысының солтүстік – шығыс бөлігінде орналасқан. Ол Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау және Теректі аудандарымен, сондай – ақ Ресей Федерациясы Орынбор облысының Соль – Илецк ауданымен шектеседі.

Изучение и сохранение культурного наследия стало одним из приоритетных направлений в развитии духовной и научной жизни в Республике Казахстан. Президент государства Н.А.Назарбаев поставил эту проблему в разряд наиболее важных и актуальных для полнокровного социально-экономического и культурного развития казахстанского общества. При этом президент подчеркнул не только научную значимость, но и особую роль культурного наследия в воспитании гражданственности и патриотизма.

Работа по реализации Государственной программы "Культурное наследие" показала своевременность и жизненную необходимость такой постановки вопроса. Анализ состояния дел показал наличие огромного объема работы, многие разделы которой практически только начинают исследоваться. Поэтому, выявление, изучение и сохранение культурного наследия стало одним из основных направлений деятельности Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии.

Однако напряженная работа на протяжении шести лет показала, что состояние изученности культурного наследия действительно требует первоначального обобщения имеющихся памятников материальной и духовной культуры. То есть, выявления и определения точного свода всех памятников по области. Специфика хозяйственно-экономического развития кочевого общества привела нас к пониманию неразрывности уровня культурного развития от природного фона. Поэтому, одновременно с изучением памятников истории и культуры, мы начали работу по уточнению природного наследия во всех его проявлениях.

С 2002 года центром проводится работа по выявлению и изучению природного и культурного наследия области. Эта работа получает свое реальное воплощение в данном коллективном издании "Памятники природного и историко-культурного наследия Западно-Казахстанской области", в котором каждому району и областному центру Уральску будет отведен отдельный том. В завершении издания будет

выпущена обобщающая работа в целом по области. Такой подход по замыслу авторов гарантирует наиболее полный охват памятников материальной и духовной культуры и уникальных природных объектов. Каждый том охватывает наиболее крупные памятники истории и культуры и природные объекты определенного района, представляющие ценность и являющиеся достоянием народа.

В подготовке издания принимают участие научные сотрудники Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии, местные ученые, а также специалисты из Алматы и Актюбинска. Мы активно сотрудничаем с Институтом археологии им. А.Х.Маргулана и Институтом истории и этнологии им. Ш.Валиханова (Алматы), а также с Институтом степи Уральского Отделения РАН (Оренбург).

Данный том посвящен Бурлинскому району, который сейчас является одним из крупных районов области, и имеет свою богатую до конца неисследованную историю.

Бурлинский район Западно – Казахстанской области сложился в результате социально – экономических, политических и культурных преобразований, произошедших в обществе в условиях Советской власти. Образован он был как самостоятельная административно – территориальная единица в 1935 году.

Начало современного оформления района относится к периоду колониального размежевания и разграничения казахских земель колониальной администрацией России во второй половине XIX века. Реформы по административно - территориальному обустройству Казахстана преследовали цель введения методов общепринятых для Российской империи и удобных для управления степью. Поэтому, в 1867-68 годах на территории Казахстана было образовано 6 областей. Земли современного Бурлинского района вошли в состав ряда волостей Уральского уезда Уральской области. По Положению 1891 года право изменения границ волостей принадлежало областному правлению, поэтому территории волостей изменялись достаточно часто. Границы же уездов и областей утверждались только решением Министерства

внутренних дел России.

Процесс дальнейшего оформления района происходил в условиях Советской власти. По решению 1 Учредительного съезда Советов 12 октября 1920 года была образована Уральская губерния с центром в г. Уральске. Первоначально губерния состояла из 6 уездов: Гурьевского, Джамбейтинского, Илекского, Калмыковского, Уильского и Уральского. Земли современного Бурлинского района в эти годы были сосредоточены в 15 волостях Илекского уезда.

Слабость Советской власти на местах, нехватка средств и кадров привела в 1923 году к очередному административно – территориальному укрупнению в Казахской АССР. 5 июля 1923 года на основании Постановления ЦИК Казахской АССР было проведено укрупнение волостного административно – территориального звена и земли современного Бурлинского района тогда были объединены в составе ряда волостей. А именно – бывшие *Алмазная, Караагачская, Киндиктинская, Отрадная, Таратбасовская* волости вошли в *Лубенскую*; *Березовская* – в *Карачаганакскую*; *Ишкарганская* и *Полтавская* – в *Чиликскую*; *Николаевская, Приуральная и Чингирлауская* - в *Бурлинскую* волость.

В результате сократилось количество волостей и в Илекском уезде их осталось только 6: *Лубенская* с центром в поселке Лубенка, *Бурлинская* с центром в поселке Бурлин, *Карачаганакская* – с центром в поселке Карачаганак, *Чиликская* – с центром в поселке Чилик, *Илекская* – с центром в городе Илек и *Ташлинская* волость с центром в поселке Ташла. Решением ВЦИК от 4 ноября 1926 года Илекская и Ташлинская волости и город Илек будут переданы Оренбургскому уезду Оренбургской области. Соответственно, Илекский район будет ликвидирован, а оставшиеся волости будут переданы: Бурлинская волость в состав Уральского уезда Уральской губернии, а Карачаганакская, Лубенская и Чиликская волости – в состав Актюбинского уезда Актюбинской области.

Однако, и эта административно – территориальная реформа будет вскоре пересмотрена. В 1927 году Уральская губерния была ликвидирована, а 3 сентября 1928 года

Президиум ВЦИК РСФСР утвердил новое районирование Казахской АССР. Вместо 1 автономной области, 6 губерний, 2 округов, 31 уезда и 411 волостей в республике было создано 13 округов и 180 районов. Сохранялась Каракалпакская автономная область, делившаяся на 10 районов.

Земли современного Бурлинского района окажутся в составе 2 округов – Уральского и Актюбинского. В Уральском округе в составе Заурального района это были Богдановская и Бурлинская волости. В Актюбинском округе в составе Чиликского района – бывшие Карачаганакская, Лубенская и Чиликская волости. В 1928 году Чиликский район будет переименован в Чингирлауский и передан в состав Уральского округа.

Следующая административно – территориальная реформа произошла 17 декабря 1930 года, когда на основании Постановления ВЦИК от 23 июля 1930 года окружное деление было ликвидировано и введено районное деление, в основу которого были положены укрупненные районы 1929 года с частичным образованием новых районов. На территории Казахстана образовалось 126 районов. Бурлинские земли войдут в состав двух районов – Уральского и Чингирлауского.

Процесс административно – территориального реформирования в довоенный период продолжился в 1932 году. С образованием Западно-Казахстанской области, первоначально в ее составе будет 27 районов, но в дальнейшем в процессе оптимизации численность районов сократится до 14. В течение 2-3 лет будет продолжаться перекройка административной карты области. Так, в 1933 году вновь воссоздадут Зауральный район, в состав которого войдут основные земли будущего Бурлинского района. Однако, и эта мера будет носить временный характер. И только 9 января 1935 г. будет впервые образован Бурлинский район как самостоятельная административно – территориальная единица. Решение это будет утверждено ВЦИК СССР 31 января 1935 года.

В дальнейшем территория района будет подвергаться частичным изменениям, однако, в целом процесс

административно – территориального определения завершился. С началом освоения Карачаганакского нефтегазового месторождения значение района резко возрастет не только в жизни области, но и всего Казахстана. Центром района станет город Аксай, один из самых современных и молодых городов страны.

Основным исторически сложившимся населением района были казахи. В начале XIX века здесь стали проживать казаки. В конце XIX – начале XX веков в результате переселения русско-украинского крестьянства начинает формироваться многонациональный состав населения. В 1970-80-е годы район становится центром активного миграционного притяжения – сюда едут тысячи людей из разных концов СССР. Широко будет использоваться опыт, средства и знания специалистов и рабочих из Германской Демократической Республики, Чехословацкой Социалистической Республики и Народной Республики Болгария.

В 1990-е годы, в новых исторических условиях, бурное развитие Бурлинского района вновь началось после подписания Окончательного соглашения о разделе продукции между Казахстаном и рядом крупнейших компаний мира по совместной разработке Карачаганакского месторождения. Ныне Бурлинский район – один из самых динамично развивающихся районов Казахстана. Здесь трудятся и живут специалисты и рабочие из более чем 20 стран мира.

Современный Бурлинский район расположен в северо-восточной части Западно-Казахстанской области. Он граничит с Чингирлауским и Теректинским районами Западно-Казахстанской области, а также Соль-Илецким районом Оренбургской области Российской Федерации.

**М. Н. Сдыков**  
тарих ғылымдарының  
докторы, профессор





# ТАБИҒАТ МҰРАСЫ



БӨРЛІ АУДАНЫНЫҢ КАРТАСЫ



441899

ҰҚСАН АУДАНЫНЫҢ  
АТЫҒАЛАУ АУДАНЫ КАЗАҚСТАН  
ОБЛАСТЫҚА ҚОСЫЛМА-СЫЗБАЛ  
ҚИТАПХАНАСЫ  
ҚАЗАҚСТАН АКАДЕМ  
БАЛЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛАСТЫ

# БІРІНШІ БӨЛІМ ТАБИФАТ МҰРАСЫ

## 1.1 Табиғаты

Бөрлі ауданы 5,6 мың шаршы километр аумақты алып жатыр. Ол облыстың солтүстік бөлігінде Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан және солтүстігінде Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, шығысында Шыңғырлау, солтүстік – батысында Зеленов, батысында Теректі, оңтүстігінде Батыс Қазақстан облысының Сырым аудандарымен шектеседі. Аудан орталығы – Ақсай қаласы.

**Тектоникалық және геологиялық құрылымы.** Бөрлі ауданы Каспий маңы тектоникалық ойпатының солтүстігінде орналасқан.

Геологиялық жағынан жас аудан аумағының ең ежелгісі Орал маңы үстіртінің батыс жақ беті болып табылады. Бұл үстірт бетінің тігінен ауысуына байланысты. Жер бедерінің бірқалыпты емес, тігінен қозғалысы салдарынан кайнозой дәуірінің палеоген кезеңінің орта шенінде теңіз суларының астынан Жалпы Сырт пен Орал маңы үстірті көтерілген. Осы кезден бастап Каспий тектоникалық ойпатының экваторға және бастапқы белдікке қатынасы қазіргі орнында қалды. Плиоцен дәуірінде (неоген кезеңі) Жалпы Сыртты ежелгі Каспидің кең ауқымды Ақшағыл алабының суы кемерлегенімен Орал маңы үстіртін баса алмады. Өйткені ол бұл кезде биіктей түскен болатын.

Тұз күмбездерінің өсуіне және тереңдегі тұздардың қайта бөлінісіне байланысты үстірттің жалпы көтерілуі аясында оның айналасында жаңадан биіктеулер мен ылдилаулар байқалды. Сөйтіп, Орал маңы үстіртінің төңірегіндегі Бөрлі ауданының аумағы плиоцен дәуірінен бері теңіз суымен шайылған жоқ. Сол себепті үстірттің бұл бөлігі тек аудандағы ғана емес, облыстағы ең ежелгісі болып табылады. Ақшағылдан соң

Апшерон тасқыны (трангрессиясы) келіп, Орал маңы үстіртіне су шығанақтар түрінде енді.

Өзінен бұрынғы тасқынды да қамтыған өзінің көлемі жағынан алдыңғысынан едәуір бәсең Апшерон жоғары плиоцен тасқыны плиоцен дәуірін аяқтап, облыс аумағында сонымен бір мезгілде Бөрлі ауданының аумағында енді Каспий теңізі – көлінің аздап басуымен және қайтуымен сипаталатын плейстоцен тарихы басталады. Орал маңы үстіртінің оңтүстігіндегі (аудан шекарасының арғы жағы) аудан аумағы плейстоцен дәуірінде Баку, Хазар және Хвалын қауыздарының суларымен толықты. Қазіргі абсолюттік белгінің 80 (100) метр шамасындағы биіктігінде жатқан Сырт алды кемерінің жіңішке өзегі Жоғарғы Баку және Төменгі Хазар су қоймаларының шөгінділерінен тұрады.

Жоғары плейстоценде Еуразияның солтүстік бөлігін қауырт мұз басуына (115 мың жыл бұрын басталып, шамамен 10 мың жыл бұрын аяқталған вюрм мұзбасуы (вюрмское оледнение) байланысты қазіргі белгі бойынша 45 (50) метр ойпатты Төменгі Хвалынск (Ерте Хвалынск) қауызының (40-50 мың жыл бұрын) суы алып, қоршаған кеңістіктен құйылған саз бен құмды астына тұндырды. Ауданның солтүстігінде су тасқыны ең жоғарғы шегіне жеткен кезде Жайық өзенінің жанынан осы бассейннің шығанағы пайда болды. Теңіз суы қайтқан кезде мұнда ауданның ең жас жер бедері қалыптаса бастады. Қазіргі кезде осы беткі қабаттың неғұрлым ылдилау түскен жерлері көлдермен, сорлармен және жағалық тұнбалармен бөлініп жатыр.

Сөйтіп, аудандағы геологиялық жағынан ең жас үстірт бұдан 40 мың жыл бұрын Төменгі Хвалынск қауызының суынан босап қалған 48 – 50 метр төменгі көлбеуде орналасқан. Осы кезде Еуропаның мұз баспайтын белдеуінің тарихи сахынасында саналы адам пайда болды - *Homo sapiens L.*, 1758 (Африкада табылған ежелгі адам 130 000 мың жыл бұрын өмір сүрген, ал жақында келген хабар бойынша Эфиопияда 1967 жылы табылған ең ежелгі адам жұрнағының (шамасы: ежелгі саналы адам *Homo sapiens idaltu*), - жасы – 195 мың жыл, бұрынғы есептелініп келген адам жасынан 65 мың жыл әрі; Батыс Азияда – 90 000 жылдан

астам бұрын) шамамен 28 мың жыл бұрын неандертальдықтарды (Жерді жарты миллион жыл бойы мекендеген) түпкілікті ығыстырып шықты. Мұнда саналы адамның пайда болуы кеш палеолит дәуірінің бас кезіне әлі алғашқы 12 мың жыл көлемінде ол орта палеолит дәуірінің, немесе мустьер мәдениеті деп аталатын кезеңнің жұрнақтары – неандертальдықтар мәдениеті дәуірлеген шамамен сәйкес келеді.

Бұған қоса адамзатқа алып баратын эволюциялық желі шамамен 6,5 млн. жыл бұрын (немесе, тіпті, одан да едәуір әрірек – 8 млн. жыл бұрын) пайда болды. Осынау ежелгі гоминид отбасылығының өкілдерінің өзі екі аяқпен жүрген. Алай да, тек 2,4 млн. жыл бұрын ыңғайлы тас бұйымдарды жасай бастаған адамдардың алғашқы өкілдері пайда болды. Бұл құралдар тұрпайылау өңделген жұмыр тастар түрінде болып келеді (Олдувай мәдениеті деп аталатын кезең) Шамамен 1,5 млн. жыл бұрын отты меңгерген және шапқының тісіне ұқсас, екі жағы да өткір тас құралдар жасай білген ежелгі адамдар тіршілік еткен. Қолайлы құралдар әуелгі кезекте, шамасы тұтас төшкелерді бөлшектеуге қызмет етсе керек (ашель мәдениеті). Шамамен 200 – 28 мың жыл бұрын Европа мен Батыс Азияда (Өзбекстанға дейін) неандертальдықтар тіршілік еткен.

Сөйтіп, 2,4 млн. жыл уақыт үзгі – 200 мың жыл бұрынғы кезең ерте палеогия дәуіріне және қорытындылаушы 200 – 40 мың жыл ортапалеология дәуіріне, тек қорытындылаушы 40 мың жыл ғана ежелгі палеология мәдениетіне жатады. 2,4 мил. жыл жабайы болған гоминидтердің бәрі аяқтарымен жүретіндіктеріне қарамастан жабайы болып есептелді.

Біздің облыс аумағында саналы адам пайда болғанша біздің облысымыз ұзақ – сонар геологиялық тарихты бастан кешті. Дамудың барша тарихында дерлік ойпатымыз теңіз тәртібінде болды, демек бір геологиялық кезеңнің теңізі кейінгі геологиялық кезеңнің теңізіне ұласып жатты.

Сөйтіп, қазіргі тектоникалық ойпат орнында палезой дәуіріне (кембридж дәуіріне дейін) дейінгі үрдістерде Жердің тәжіне (мантиясына) дейін жеткен түбегейлі қирату жүйесі болып өтті. Ол кезде белсенді жанартау буырқаныстары мен

сейсмологиялық (жер сілкінісі) жағдайлары жүріп жатты. Аса тереңдіктердегі опырылулардың әсерінен жер қыртысы қозғалып кетті. Төменгі жақтан ауыр аумақты заттардың, ал жоғарыдан салмағы неғұрлым жеңілірек сынып түскен тұнба материалдардың бір мезгілде тоғысуы барысында жер қыртысының құрлықтық үлгісі пайда болып жатты. Мөлдір шақпақ іргетас аталынып кеткен бұл тау жыныстары (жас мөлшерлері 1,6 млрд. жылдан астам) Ежелгі Европа құрлығының тарихындағы тұтастай фанерезой дәуірінің бойында шөгінді материалдардың жинақталуының негізіне айналып, жақпар қабаттар құрады. Ойпаттың шетінен ортасына қарай шақпақ іргетастың сомдалып төмендеулері байқалды. Бөрлі ауданының солтүстігінде оның жаппасы 8 шақырым шамасындағы тереңдікте жатыр.

Каспий маңы тектоникалық ойпатының орталық бөлігінің төмендеу мәресі, геофизикалық мәліметтер бойынша кіндік тұсы Қаратөбе - Тайпақ – Жалпақтал ауылына жақын бағытта өтіп, одан әрі Алмалы (Александров – Гай) арқылы Ресейге қарай ұласатын, шамасы, осының алдында ғана “қалыптаспаған мұхит” дамуының тоқталып қалуына байланысты болса керек. Бұл қопарылыс шекарасының дамып, түзілістің табанында ізінің қалуы құрылықтық қопарылыс шегінде аяқталды және одан шын мәніндегі ауқымды мұхит пайда болған жоқ.

“Қалыптаспаған мұхиттың” тығыз және ауыр жоғары палезой литосферасы қоршаған төңіректің сатылап, біртіндеп батуын тудырды. Нәтижесінде Каспий маңы тектоникалық ойпаты кең де терең, ұдайы ылдилайтын терең шөгінді алабына айналды. Оған тұнба материалдардың жинақталып, ойпаттың шетінен ортасына қарай біртекті жыныстардың қалындай түсетін сипаты айғақ.

Палеозой дәуірінің пермь кезеңінде (кунгур ярусы – 275 – 270 млн. жыл бұрын) терең сулы ойпат қауызы салыстырмалы түрде алғанда қысқа ғана мерзім ішінде тас тұзының үлкен қабатымен кенерледі. Оны жапқан тұнбалардың бір шақырымға дейін қордалануы жағдайында тұз күмбездері құрылымдарының пайда болу үрдісі басталады ( қатты қысым салдарынан жоғарыда жатқан тұз

қабаттары икемді бола түсіп жоғарыға қарай тығыздалады). Пермь кезеңінің соңына таман тұнбалардың қуаты тіпті 4 – 5 шақырымға жетті. Мұнан кейін (жеткілікті тұнбалардың жинақталуына қарай) тұз күмбездері құрылымдары қалыптасуының аса ауқымды триас және юр – палеоген кезеңдері келді. Каспий маңы тектоникалық ойпатының (және ауданының) тұздары Жайық бойы үстіртінің кемеріне параллель бағытталған алпауыт жалдар түзеді. Тұз жалдарына тұз күмбездері шөккен.

Геологиялық дамудың күрделі тарихының, жекелеген тұстардың үстіңгі жақтарының көтерілуі мен төмен түсуінің ұзаққа созылған үдерістерінің (терең қабаттарда тұздардың қозғалысы салдарынан) нәтижесінде аудан аумағындағы жерлер мезозой дәуірінің трайсов кезеңінен қазіргі кезге дейінгі жас аралығын қамтитын ежелгі теңіз және анағұрлым жас құрлықтық түзілім тұнбаларымен көмкеріліп жатыр. Осының салдарынан Орал маңы үстіртінің шегіндегі аумақ кәдімгі бор, әксаз және опок шөгінділермен көмкерілген. Кейбір жерлерде саз, саздақ, құмдақтар мен құмдар кездеседі. Сол себепті ауданға бор, әксаз, шым саз бен құм өндірілетін орындар тән болып келеді.

**Жер бедері.** Бөрлі ауданының жер бедері Шығыс Европа жазықтығының оңтүстік - шығысындағы барлық облыстар сияқты Орал маңы үстіртінің қырлық бетін, Жайықтың далалық жазықтығын, Жайық өзенінің аңғарларын алып жатыр. Аудан аумағының солтүстік бөлігінің жер бедері неғұрлым биік, тұтастай алғанда оңтүстіктен солтүстікке қарай ылдилай түседі.

Ауданның солтүстік – шығысында Миргород ауылының оңтүстікке қарай 12 километр жерде ауданның ең жоғарғы тұсы, теңіз деңгейінен 263 метр биіктіктегі – Ақтау тауы орналасқан. Ауданның ең төмен тұсы Жайық өзенінің Теректі ауданымен шектесетін су кемерінде ( Даниляколь ауылының төмен) жатыр және теңіз деңгейінен 40 метр ғана құрайды.

Ауданның жер бедері тік жарқабақтармен шектесетін және өздерінің суларын Жайық өзеніне апарып құятын Елек, Қайыңды (Березовка), Шыңғырлау (Утва) өзендерінің және олардың салаларының аңғарларымен тілімденіп жатқан

құлама бөктерлі – адырлы жазықтық болып келеді. Бұл ауданның жер бедеріне үлкен тереңдіктерден жердің беткі қабатына тұздардың көтерілуінен пайда болған құлама бөктерлер және шартты түрдегі биіктіктері 40 – 60 метр болатын эрозияға ұшыраған тау жұрнақтары (әсіресе ауданның оңтүстігінде), сондай – ақ түрлі шартты биіктіктегі төбелер мен шоқылар тән болып келеді. Бұрынырақ кездерде де, одан кейінгі кезеңдерде жердің беткі жағындағы сулардың белсенді қызметінің нәтижесінде Бөрлі ауданының жер бедері өзінің қалың көлбеу және тереңдей тігінен тілімденулерімен ерекшеленеді.

Ауданда Шыңғырлау өзені Орал маңы үстіртінің сілемдерін екі бөлікке бөледі. Оның шығыс бөлігі (ауданның шығыс шекарасынан бастап) аудан аумағының тең жартысын дерлік алып жатыр. Мұнда ауданның ең биік тұсы және Елек – Шыңғырлау су айрықтары деп аталатын қалған да биік тұстары бар. Елек – Шыңғырлау су айрықтарының батыс жақ шеткері бөліктеріне үстірттің негізгі массивінен тұратын түрлі ауқымдағы жоғары қарай біткен жылтыр тау жұрнақтары тән болып келеді. Үстірттің батыс бөлігі ауданда шағын ғана аумақты алып жатыр. Ауданның оңтүстік – батысында үстірт оның батыс шекарасын қиялай орналасып, Бесағаш ауылының жазығында көршілес Тасқала ауданының аумағына өтеді. Аңқаты алабында қайта пайда болған үстірт Даниляколь ауылының тұсындағы Жайық өзенінің аңғарына дейін жетеді.

Ауданның оңтүстік – шығыс шекарасын жанамалай тереңдегі тұздардың жердің беткі қабатына көтерілуіне байланысты пайда болған құрылымдарға байланысты өзгеріске ұшыраған ( адырлар: теңіз деңгейінен 263 метр биіктіктегі – Ақтау, 251 метр биіктіктегі – Айдарлы, 188 метр биіктіктегі – Шатырлы және басқалары) оның ең жоғары бөлігі жатыр.

Шыңғырлау өзенінің жанында және Орал бойы үстіртінің шығыс сілемінен солтүстікке қарай Сырт алды кемермен құрылымдық жағынан байланысып жатқан Жайық бойы аңғарының жазығы жатыр. Оның беткі жағының сай – салалы желісі жақсы жетіліп, жиілене түскен, аздап ойлы - қырлы болып келеді. Ворошилов ауылынан оңтүстік – шығысқа